

№1 Ата-аналар жиналысының

хаттамасы

№4 «Ботақан» Мектепалды даярлық топ

Тәрбиешілер: Жамекова.К Е

Жузбаева Г П

Шымкент 2021

№4«Ботақан»мектепалды даярлық тобы.

Өткізу күні:17 қыркүйек 2021ж

Өткізу уақыты: сағат 17⁰⁰

Жалпы бала саны: 24

Қатысқандар саны:18

Өткізу форматы: *Оффлайн*

Қатысушылар: Ата-аналар, *(балалардың заңды өкілдері)*

Күн тәртібінде:

1. 2020-2021 жаңа оқу жылының іс-шаралары мен оқу стандартының бағдарламаларымен таныстыру

Баяндамашы: Жузбева Г.П.

2. Ата-аналар комитетін сайлау

3. Сауалнама жүргізу

Тыңдалды:

1. Ата-аналарды «2021-2022 жаңа оқу жылының іс-шаралары мен оқу стандартының бағдарламаларымен таныстыру» атты баядаманы тәрбиеші : Жамекова.А оқыды.

Баяндама тіркелді.

Жарыссөз

Ата-ана : Абдукадирова Надира сөз алды. Мектепалды даярлық тобында орыс тілі ағылшын тілі пәндері аптасына неше рет болатынын сұрады. Тәр: Жузбаева Г.П орыс тілі пәні аптасына бір рет болатынын , ағылшын тілі пәні болмайтынын айтты .

1.«Жаңа оқу жылының іс-шаралары мен оқу стандартының бағдарламаларымен таныстыру» баяндама
Балабақша стандарттағы 5 сала бойынша жұмыс жасайды. Олар: «Денсаулық», «Коммуникация», «Таным»,«Шығармашылық» және «Әлеуметтік орта».Бағдарламаның мақсаты мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін қолайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасау, балалардың жас және жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік және дағдыларды, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру, "Рухани жаңғыру"

бағдарламасын іске асыру аясында ұлттық салт-дәстүрлерге және жалпы адамзаттық құндылықтарға негізделген патриотизм мен толеранттылыққа тәрбиелеу, сондай-ақ балалардың мектепте оқуға әлеуметтік-психологиялық, тұлғалық, ерік, физикалық және зияткерлік дайындығын қалыптастыру. Бағдарламаның міндеттері: баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды және олардың әлеуметтенуін қамтамасыз ететін заттық-кеңістіктік дамытушы орта құру, мектепке дейінгі білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтамасыз ету, балалардың зияткерлік, әлеуметтік және тұлғалық дамуына бағытталған білім беру салаларын кіріктіру, инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану, тәрбиелеу, дамыту және оқыту міндеттерінің бірлігін қамтамасыз ету, мектепке дейінгі ұйым, мектеп пен отбасының бірлескен ынтымақтастығы, мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеуде ата-аналар қауымдастығының қажеттілігін қанағаттандыру.

Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны:

- 1) оқытудың күтілетін нәтижелері түрінде ұсынылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге;
- 2) қимыл, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білім, білік, дағдыларын, өз бетінше үйрену дағдыларын, сонымен бірге аталған білім, білік, дағдыларды ерте жастағы балаларда қалыптастыруға;
- 3) тәрбиелеу мен оқытуға психологиялық-педагогикалық жағдай жасауға;
- 4) мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді бастауыш білім беру ұйымдарында оқыту үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді құруға;
- 5) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру арасында оқыту, дамыту, тәрбиелеу міндеттерін ескеріп, сабақтастық пен үздіксіздік ұстанымдарын қамтамасыз етуге;
- 6) тәрбиеленушілердің жеке және жас ерекшеліктерін ескеріп, оқу қызметіне дайындыққа;
- 7) креативтілікті, коммуникативтілікті, сыни ойлауды және командада жұмыс істей білуді дамытуға бағытталған әлеуметтік-тұлғалық қасиеттерді қалыптастыруға;
- 8) "Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпы адами құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыруға бағытталған.

Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқытуда баланың ерекшеліктері ескеріліп, жеке оқу жоспары мен жеке бағдарлама әзірленеді.

Оқытудың нәтижелері көрсеткіштер ретінде баланың даму мониторингін қамтамасыз етеді және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылады.

. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оларды кіріктіру жолдарымен іске асырылатын "Денсаулық", "Қатынас", "Таным", "Шығармашылық", "Әлеумет" білім беру салаларына негізделген.

"Денсаулық" білім беру саласы.

"Денсаулық" білім беру саласының мақсаты денсаулығы мықты, дене бітімі дамыған баланы тәрбиелеу, тәрбиеленушілердің бойында өз денсаулығына саналы түрде қарауды қалыптастыру болып табылады.

"Денсаулық" білім беру саласына ата-аналардың балаларға ерте жастан күтім жасауы мен оларды дамыту дағдыларына ие болуына жәрдемдесу, тәрбиеленушілердің негізгі қимыл түрлерін игеруі арқылы мәдени-гигиеналық дағдыларды, қимыл-қозғалыс тәжірибесін қалыптастыру, дене сапаларын және қимыл белсенділігіне қажеттілікті дамыту, түрлі ұлттық қимылды ойындарды және командамен жарыс сипатындағы ойындарды өткізу, спорттық жаттығуларды орындау, спорттық ойындардың элементтерімен таныстыру, шығармашылық қабілеттерді және командада өзара әрекеттесу дағдыларын дамыту енгізілген.

"Денсаулық" білім беру саласының мазмұны баланың денсаулығын сақтауға және нығайтуға; тұрмыста, көшеде, табиғат жағдайларында, төтенше жағдайларда қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға; шығармашылық, танымдық, тілдік қабілеттерді қолдана отырып, негізгі қимылдарды жетілдіру арқылы тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс тәжірибесін байытуға бағытталған.

Ақыл-ой кемістігі бар балаларды (ақыл-есі кемістігінің жеңіл және баяу дәрежесі) тәрбиелеу мен оқыту жалпы қимылдық біліктерді, жүру мен жүгіру дағдыларын, қимылдарды үйлестіруді, гигиеналық және дене шынықтыру құралдарын қолданудың қарапайым дағдыларын қалыптастыруды, ойындарға қатысуға

қалауы мен эмоционалдық жауап беруді, нұсқау бойынша қимылдарды орындауға баулуды қарастырады.

"Денсаулық" білім беру саласындағы ұйымдастырылған оқу қызметі:

1) дене шынықтыруды (ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілерге арналған бейімделген дене шынықтыру);

2) қауіпсіз мінез-құлық негіздерін" қамтиды.

. "Қатынас" білім беру саласы.

"Қатынас" білім беру саласының мақсаты ауызекі сөйлеуді қалыптастыру, өмірдегі түрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын игеру, оқу мен жазудың алғышарттарын қалыптастыру болып табылады.

"Қатынас" білім беру саласы тәрбиеленушілердің әр түрлі балалық іс-әрекетінде Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі және байланыстырып сөйлеуді, мәнерлеп оқу мен мазмұндауды дамытуды, тілдің дыбыстық мәдениетін тәрбиелеуді, белсенді сөздік қорын байытуды, тілдік нормаларды игеруді, мемлекеттік және орыс тілдеріне үйретуді қамтиды.

"Қатынас" білім беру саласының мазмұны коммуникативтік біліктер мен дағдыларды дамытуға, балалардың түрлі іс-әрекетінде ауызекі сөйлеуді дамытуға, сөздік қорды байытуға, балалар әдебиетіне қызығушылықты дамытуға бағытталған.

Ақыл-ой кемістігі бар балаларды (ақыл-есі кемістігінің жеңіл және баяу дәрежесі) тәрбиелеу мен оқыту қатысымның вербалді және вербалді емес дағдыларын қалыптастыруды, тілдік ортаны құруды, сөйлеу белсенділігін, қоршаған ортаға қызығушылықты, коммуникативті әрекеттің түрлі формаларына қатысуға қабілеттілікті оятуды қамтиды.

"Қатынас" білім беру саласының ұйымдастырылған оқу қызметі:

1) сөйлеуді дамытуды;

2) көркем әдебиетті;

3) сауат ашу негіздерін;

4) қазақ тілін (орыс тілінде оқытатын топтарда), орыс тілін (қазақ тілінде оқытатын топтарда) қамтиды.

"Таным" білім беру саласы.

"Таным" білім беру саласының мақсаты мектеп жасына дейінгі баланың жеке тұлғасын қоршаған әлеммен өзара іс-қимыл жасауда

командада жұмыс істей білуге қажетті танымдық іс-әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгеруі үшін дамыту болып табылады.

"Таным" білім беру саласы санау дағдыларын, геометриялық пішіндер туралы түсініктерді қалыптастыруды, кеңістікті және уақытты бағдарлауды; құрылыс, табиғи және қалдық материалдар мен конструктордың бөліктерінен құрастыруды; тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстары жөнінде білімдерді кеңейтуді, креативтік ойлауды дамытуды қамтиды.

Ақыл-ой кемістігі бар балаларды (ақыл-есі кемістігінің жеңіл және баяу дәрежесі) тәрбиелеу мен оқыту көпсенсорлы қабылдау мен кеңістікті бағдарлау дағдыларын қалыптастыруға, сенсорлық ақпараттарды саралауға, сезімдік тәжірибені жинақтауға, заттық қимылдарды игеру және ойлау процестерін белсендіруге, қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыруға бағытталған.

"Таным" білім беру саласының ұйымдастырылған оқу қызметі:

- 1) сенсориканы (бөбек жасы топтарында – 1-3 жас), математика негіздерін (мектеп жасына дейінгі топтарда – 3-6 жас);
- 2) құрастыруды;
- 3) жаратылыстануды қамтиды.

"Шығармашылық" білім беру саласы.

"Шығармашылық" білім беру саласының мақсаты шығармашыл тұлғаны, шығармашылық қабілеттерді, сезімдік-эмоционалдық саланы, қиялды, ойлауды, көркем талғамды қалыптастыру, ұлттық бейнелеу өнеріне баулу арқылы патриотизмге тәрбиелеу.

"Шығармашылық" білім беру саласы сурет салу, мүсіндеу, жапсыру және өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын, командада жұмыс істей білуді, қоршаған ортаға эстетикалық қатынасты қалыптастыруды, өнер түрлері туралы қарапайым ұғымдарды, тәрбиеленушілердің дербес шығармашылық іс-әрекетін іске асыруды қамтиды.

Ақыл-ой кемістігі бар балаларды (ақыл-есі кемістігінің жеңіл және баяу дәрежесі) тәрбиелеу мен оқыту шығармашылық әрекет процесінде шынайы әлемнің бейнелерін қалыптастыруды, заттық ұғымдарды айқындауды, нақтылауды және жалпылауды қамтиды.

"Шығармашылық" білім беру саласының ұйымдастырылған оқу қызметі:

- 1) сурет салуды;
- 2) мүсіндеуді;

3) жапсыруды;

4) музыканы қамтиды.

Әлеумет" білім беру саласы.

"Әлеумет" білім беру саласының мақсаты ерте жастағы және мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді қолайлы әлеуметтендіру, оларды мәдени-әлеуметтік нормаларға, отбасы, қоғам мен мемлекеттің дәстүрлеріне баулу, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру болып табылады.

"Әлеумет" білім беру саласы әлеуметтік дағдылар мен өз бетінше үйрену дағдыларын игеруді; қоғамда өзін-өзі ұстай білудің адамгершілік нормаларын, сондай-ақ жалпы адамзаттық құндылықтарды меңгеруді; баланың ересектермен және құрбыларымен қарым-қатынас жасай білуін, оларға құрметпен қарауды, дербестігін тәрбиелеуді, өзінің отбасына жақындық сезімін, эмоционалды елгезектікті, жанашырлықты қалыптастыруды, қазақ халқының, сондай-ақ басқа халықтардың тарихын, мәдениетін білу мен құрметтеуді, туған жер туралы туралы түсініктерін кеңейтуді, еңбек түрлері мен түрлі мамандық иелеріне қызығушылықты қалыптастыруды қамтиды.

Ерте жастағы тәрбиеленушілерде отбасында және мектепке дейінгі ұйымдарда әлеуметтік дағдылар мен өз бетінше үйрену дағдыларын қалыптастыру баланың өмірін қорғауға және денсаулығын нығайтуға, әлеуметтік-тұрмыстық және әлеуметтік-коммуникативтік қабілеттер мен дағдыларды: мәдени-гигиеналық біліктер мен дағдыларды меңгеруге, тәртіп ережелерін үйретуге, күн тәртібіне дағдыландыруға, когнитивтік функцияларды дамытуға (алдында туындаған қиындықтарды көре білу, көңіл-күйінің, эмоционалдық жағдайының өзгеруін көру), тұлға аралық қатынастарды құрудың негізі болып табылатын этикалық нормаларға тәрбиелеуге, отбасында және мектепке дейінгі ұйымда балалардың бір-біріне мейірімді болуына, көңіл бөлуге, қамқорлық жасау және бір-біріне көмектесу жағдайын құруға, жеке тұлғаның жайлы әлеуметтенуіне, эмоционалдық-адамгершілік қарым-қатынас тәжірибесін жинақтауға, балалар әрекетінің әр түрінде тәрбиелеу дәстүрлерінің сабақтастығын қамтамасыз етуге, туған өлкеге, еліне деген сүйіспеншілікке, оның тарихына қызығушылыққа тәрбиелеуге бағытталған.

Ақыл-ой кемістігі бар балаларды (ақыл-есі кемістігінің жеңіл және баяу дәрежесі) тәрбиелеу мен оқыту органикалық

қажеттіліктерді қанағаттандыру бойынша өзіне қызмет ету дағдыларын, әлеуметте өзін ұстауы мен оған қарым-қатынасын қалыптастыруға, оларды әлеуметтік және тұрмыстық ортаға тартуға, түрлі әлеуметтік-мәдени дағдыларды игеруге бағытталған.

"Әлеумет" білім беру саласының ұйымдастырылған оқу қызметі:

- 1) өзін-өзі тануды;
- 2) қоршаған ортамен танысуды қамтиды.

2.Ата-аналар комитетін сайлау

Екінші мәселе бойынша ата - аналар комитетін қайта сайлауға ұсыныс тастады. Ата - ана Ырысбекова Заринасөз кезегін алып Закиржанова Дильдораны

сайлауға ұсыныс тастады. Мүшелері: Закиржанова Дильдора ата - аналар комитетінің төрайымы болып сайланды. Ата - аналар бір ауыздан келісті..

Шешімі: ата - аналар комитетінің төрайымы Закиржанова Дильдора, мүшелері болып Мадиева Феруза , Наурызбаева Айжан сайланды.

Жауапты: ата - аналар комитетінің төрайымы мен мүшелері.

Мерзімі: келесі ата - ана жиналысына дейін.

Мақсаты: Бала тәрбиесіндегі балабақша мен отбасы ынтымақтастығын нығайту. Балалардың мінез - құлқы, бейімі, қызығушылығы, мүмкіндігін т. б. тереңірек зерттеу. Ата - ана, бала, тәрбиеші үштігі арасында өзара сенім мен сыйластық орнауына ықпал ету. Бала тәрбиесіндегі ата - ананың алатын орнының ерекше екендігін түсіндіру; Отбасы мүшелінің арасындағы бауырмалдық, қайырымдылық, достық қарым - қатынасты қалыптастыру;

Жоспар

1. Кіріспе сөз
2. Тренинг: «Кел танысайық!»
3. Балабақшаның күн тәртібі
4. « Алғашқы қадам» бағдарламасы (слайд)
5. Баланың балабақшаға бейімделуі (баяндама оқу).
6. Ата - ана мен балаға байланысты ситуация шешу.
7. Сұрақтарға жауап беру
8. Ата - аналар комитетін сайлау.
9. Сұрақ - жауап алмасу.
10. Қорытынды.

Құрметті ата - аналар! Сіздерді біздің балабақшада көргенімізге қуаныштымыз. Жел бесіктен, жер бесікке дейінгі адам өміріндегі тәрбиенің ұйытқысы ата - ана мен балабақша. Болашақ десек те, келешек десе де бала - ұрпақ деген мағынаны білдіреді. Адамның өзге тіршілік иесінен айырмашылығы – дүниеге перзент әкелген соң, оның болашағын ойлау, адам етіп тәрбиелеу. Бала тәрбиесі – бір отбасының ғана емес, бүкіл қоғамның мемлекеттік абыройлы міндеті. Кезінде Әл Фараби бабамыз «Ғылым емес, ең алдымен тәрбиеге көңіл бөлу керек, тәрбиесіз адамға ғылым баянды болмайды» - демеп пе еді. Осыған орай бүкіл ата - ана тәрбиеге бет бұруы керек. Ұрпақ тәрбиесіне мүдделі екендігін ата - аналар іс - жүзінде дәлелдеп отырулары тиіс. Міне осындай ынтымақ бірлігінде ғана ойдағыдай нәтиже берері ақиқат. Олай болса біз сіздермен ең алдымен танысып алайық. Тренинг: «Кел танысайық!»

Ата - аналар шеңбер құрып тұрады. «Менің есімім.... мен... анасымын (әкесімін). Өз баласы туралы айта кету. Сіздермен танысқаным қуаныштымын»- деп жұмсақ ойыншықты көрші тұрған ата - анаға беріп, әр бір ата - ана өзін таныстырып шығады.

Ата-аналар жиналысы: Баланың балабақшаға бейімделуі. жүктеу

3.Сауалнама жүргізу

Ата-аналарға сауалнама «Балаңыз балабақшаға баруға дайын ба?»

№ 1

Балаңыздың аты – жөні: _____

1. Балаңыздың көңіл - күйі - қандай?

А) Көңілді

Ә) Мазасыз

Б) көңіл - күйі төмен

2. Балаңыз қалай ұйықтайды?

А) тез ұйықтайды

Ә) жай

- Б) тыныш
- Г) тынымсыз

3. Балаңыз ұйықтату үшін не істейсіз? Әрекетіңіз _____

4. Балаңыздың ұйқысы қанша уақыт?

- А) 2 сағат
- Ә) 1 сағаттан кем емес

5. Балаңыздың тәбеті қандай?

- А) жақсы
- Ә) тамақты таңдап жейді
- Б) тамаққа тәбеті төмен

6. Балаңыздың қандайда бір теріс әрекеті бар ма?

- А) емізік сорады, саусаған сорады т. б. _____
- Б) ондай теріс әрекеті жоқ.

Ата-аналар жиналысының шешімі:

1. Ата-аналарды жаңа оқу жылының іс-шаралары мен стандартының бағдарламаларымен таныстыру атты баяндамаға қанағаттанарлық деген баға берілсін.

Ата-аналар комитетінің мүшелері

- 1. Абдулаева Азиза
- 2. Абилдаева Майра
- 3. Маханова Гүлжан болып сайлансын.